

Ғалымдардың экологиялық жобаларымен танысты

Казақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Auezov University ғалымдарының экологиялық жобаларымен танысты. Auezov University-де климаттық өзгерістер, қоршаған органды қорғау және экология мәселелеріне байланысты бірқатар тың бастамалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Атап айтқанда, бұған дейін университетте Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының иегері, климат және тұрақты даму бойынша №1 сарапшы Раे Квон Чунг атындағы жаңа климаттық экономика орталығы ашылған болатын. Бул – жасыл технологиялар және климаттық өзгерістердің ауыл шаруашылығына өсерін қысқарту қағидаттарында экономикалық дамудың жаңа моделін енгізу жөніндегі

Орталық Азия мен ТМД-дагы бірден-бір институт.

– М.Әуезов атындағы ОҚУ жаңынан ашылған бірөгей орталық онтустік өнірдің тұрақты даму саясатында езіндік зор ықпалын тигізіп отыр. Өсірсек, орталықтың тұрақты даму, жасыл технологиялар және климат өзгеруінің ауыл шаруашылығына өсерін азайтуға ықпалы зор, – деді Auezov University Басқарма тегерасы – Ректор Даирія Қожамжарова. Бүгінде орталықта жаңа инновациялық белім бағдарламалары даярланып, өзекті ғылыми-зерттеу жұмыстары жүзеге асырыладу.

Өз кезегінде Экология және табиғи ресурстар министрі климаттық өзгеріске байланысты туындаған мәселелерді ғылыми тұрғыдан онтайлы шешудің маңыздылығын атап өтті. Бұдан бөлек, Ерлан Нысанбаев өнір экологиясын жақсартуда университет ғалымдарының жобалары үлкен септілін тигізетініне үмітті екендігін жеткізді.

